

Кейкіні кейінгіге үлгі етейік...

Кейкі батырдың бейнесі халқымен бірге жасап, өміршеңдік танытса да кеңес дәуірінде партиялық саясаттың ызғарымен ғылыми зерттеулерден оның аты алынып тасталды. Соған қарамастан, батырдың бейнесі кеңестік әдеби шығармаларда кең көрін тауып, майталман жазушыларымыздың шығармаларында шындық астарланып берілді.

Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелді» пьесасы, М.Қаратаевтың «Даладағы дауыл», Қ. Сәрсекеевтің «Қызыл жалау», А. Нұрмановтың «Құланның ажалы» романдары және т.б. Тағы бір еске аларлығы М.Қаратаев, Қ.Сәрсекеев, А. Нұрманов сынды жазушыларымыз сол Торғай өлкесінің тумалары ретінде және батыр жайлы естеліктерін жастайынан бойларына сіңіріп өскендіктен тарихи ақиқаттан алыс кетпеді десек, ал, заңғар жазушы Ғ. Мүсірепов XX ғ. 30 жылдары Аманкелді Имановқа қатысты материалдар жинау үшін Торғай өңірін аралаған, 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі шайқас болған жерлерді көзі көрген, батырдың жарымен кездескен, көнекөз қариялардың естеліктерін тыңдап, қағазға түсірген адам және осы сапарында Кейкіге қатысты да әңгімелерге қаныққан.

Кейкі Көкембайұлы 1877 жылы Торғай уезі, Қайдауыл болысында өмірге келген (қазіргі Қостанай обл., Аманкелді ауд., Тасты ауылы). Азан шақырып қойған аты Нұрмағанбет, руы Құлан Қыпшақ. Көп кісіге қосылмай кейкііп жүретін болғандықтан жеңгелері «Кейкі» атап кеткен. Сөйтіп, ел арасына «Кейкі» атымен танылған. Шежіреге зер салсақ Кейкі бес ағайынды болған: Көкембайдан Оспан, Қосжан, Омар, Кейкі және Шұбар. Осылардың ішінде бүгінде тек Қосшанның ғана ұрпағы бар. Тұрмыс тапшылығын ерте көрген Кейкі Жылан-

шық болысының алпауыты Рахмет Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған.

Кейкі батыр Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс — Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. 1919 ж. 13 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады.

Ақыры, 1922 жылдың көктемінде комиссар Александр Токаревті атып кеткен Кейкіні 29 наурызда қызыл әскерлер айуандықпен өлтірді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алып, басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық алаңына сырыққа шаншып қойды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға, ал 1926 ж. республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургке алып кеткен. Батырдың бас сүйегі Санкт-Петербургтегі антропологиялық қордың кунсткамерасында сақтаулы болды. 2016 жылы Кейкі батырдың бас сүйегі елге қайтарылып, Арқалық — Торғай тас жолының бойында орнатылған кесенеге батырдың бас сүйегі жерленді, сонымен қатар ол қаза тапқан Жалаулыдан топырақ әкеліп салынды. Кейкі мергеннің ұрпақтары Қостанай облысының Амангелді аудандағы Ақтас, Тасты елді мекендерінде тұрады. 1996 ж. батырдың 125 жасқа толуына байланысты ас беріліп, ескерткіш орнатылды.

Осы ретте Мақсұтбек Сулейменов ағамыздың «Кейкі ауылы

неге жоқ?» мақаласынан үзінді келтірсек: «Торғай өңірінде оның төл перзенттері Әліби, Амангелді аталарымыздың атындағы аудандар, ауылдар бар. Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың да есімімен кіндік қаны тамған туған жеріндегі ауылдар, аудан, қала көшелері аталып, арыстарымызға лайықты құрмет көрсетіліп отыр. Кейкі батырдың есімімен де Арқалық қаласындағы, Амангелді, Жангелдин аудандарындағы көшелер аталады. Тек туып-өскен жерінде де, кейін өзі қоныстанған ата-бабалары — құландардың атамекені — Тасты өңірінде де, қуғын-сүргін көргенінде сүйген жары Ақжан екеуі паналаған аймақта да Кейкі батыр есімімен аталған бірде-бір елді мекен жоқ. Ал, енді Торғай өңіріне келген қонақтардың ел мен жердің тарихымен танысқан соң «Кейкі батыр ауылы қайда?» деп сұрайтынын қайтерсің. Торғайлықтар болса, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһарман Кейкі батырдың ауылы жоқ деп айта алмай, күмілжиді. Өйткені «Кейкі батырдың ауылы жоқ» деп айтар болса, «тарихта теңдесі жоқ хас батыр аталарыңның есімімен бір ауылды атай алмай жүргендерің ұят қой. Осы ма сендердің елдіктерің?!» деп, дос кейіді, дұшпан табалайды, әйтеуір, қонақтардың қай-қайсы да Торғайдан, Ахан мен Жақанның елінен бір түсінебістік сезіммен аттанады...», — деп жазған еді.

Осындай үлкен ой толғандырығандықтан, Арқалық қаласына қарасты 25 шақырым жердегі Фурманов ауылының тұрғындары өздерінің алтын ұясын Кейкі батырдың есімімен атауды ұйғарды. Кейкідей нар тұлғаның есімі Фурманов ауылына беріле-се нұр үстіне нұр болар еді...

Б. БАҚТЫБАЕВ,
Фурманов «Тәуба»
мешітінің имамы